



БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ

Тамды ауылы

№ 01-07-64

26.04.2023 жыл

**2022-2023 оқу жылын аяқтау және  
білім алушыларды қорытынды  
аттестаттаудан өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқ уағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 18 сәуірдегі №173 бұйрығына және «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 19.04.2023 жылғы №1-62/7 бұйрығына сәйкес «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан оқу сабақтары 2023 жылғы 31 мамырда аяқталсын;
2. 9 – сыныптарда білім алушыларының мемлекеттік емтихандары 2023 жылғы 2-13 маусым аралығында өткізілсін;
3. 11 – сыныптарда білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2023 жылғы 5-19 маусым аралығында өткізілсін;
4. Қорытынды аттестаттау бекітілген мерзімдерге сәйкес уактылы өткізілсін:  
9 – сынып оқушылары үшін:
  - 1) қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;
  - 2) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) 2023 жылғы 6 маусым;
  - 3) орыс тілдерінде оқытатын сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) және қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;
  - 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 13 маусым;11 – сынып оқушылары үшін:
  - 5) қазақ/орыс тілі бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;
  - 6) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;
  - 7) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;
  - 8) орыс тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі және әдебиетінен және қазақ тілі оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі және әдебиетінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

- 9) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілібойынша), шет тілі (ағылшын), информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 19 маусым;
1. 2022-2023 оқу жылын аяқтау, қорытынды, мемлекеттік бітіру емтихандарын өткізу мақсатындағы ұйымдастыру іс-шаралары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 және 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрықтарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етілсін.
  2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде ата-аналардан қаражат жинамау мәселесі қатаң бақылауға алынсын.
  3. Ұлттық білім беру деректер қоры мәліметтері мен «Күнделік» жүйесінің уақытылы, сапалы толтырылуы, жылдық, қорытынды бағалардың уақытылы қойылуы қадағалансын.
  4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары К.М.Утегеноваға жүктелсін.

«Ақтөбе облысының білім басқармасы  
Алға ауданының білім бөлімі» ММ-нің  
«Тамды орта мектебі» КММ директорының жауап. *А. Садуақасова* И.Садуақасова

